

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері
Қазақстанның Коммунистік партиясы.

СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы

№ 299 (10189).

СӘРСЕНБІ, 26 ДЕКАБРЬ 1956 ЖЫЛ.

Шыға бастағанына 26 жыл
Бағасы 20 тыйын.

ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ЖАҢА ТАБЫСТАР ЖОЛЫНДА

Қазақ Телеграф Агенттігінің тілшісі СССР-дің халық артисткасы Күләш Байсеитованы жақсы жабдықталған артистер бөлмесінде кездестірді. Күтпеген жерде Шәбал Бейсекова наукастанып қалып, театрдың дирекциясы «Біржан мен Сара» операсында оның орнына Күләшті ойнауға сұраған екен. Әңгіме бастала кетті.

— Мен өзімнің депутаттық қызметім туралы сайлаушылар алдында есеп беру үшін Қарағандыға жүргелі жатыр едім. Сірә, кідіре тұруға тура келетін сыяқты. 1956 жыл туралы сізге не айтайын? Республика театрларының творчестволық коллективі үшін ол жемісті еңбек жылы болды, мен оны табысты жыл деп айтар едім. Біздің опера мен балет театры ұйғырдың дарынды композиторы Құдыс Қожамьяровтың «Назыгүм» деген тұңғыш операсын көрсетті. Жылдың соңғы күндерінде татар композиторы Фарид Яруллиннің «Жезтырнак» балеті қойылды. Театрда Роза Жаманова, Айсұлу Байқадамова, Бахыт Қошмұхамбетов сыяқты және басқа жас, дарынды орындаушылар өсіп жетілді. Драма театрлары жергілікті авторлардың, классиктердің, совет драматургтерінің және шетел жазушыларының жаңа пьесаларын көрсетті. Сахна қызметкерлерінің қалыптасқан дәстүр бойынша быйыл тың жерлерді бағындырушыларға мәдени қызмет көрсету жөнінде едәуір жұмыс істегенін атап өту қажет.

Жаңа, 1957 жыл біз үшін бұрынғыдан да қауырт жұмыстар жылы болмақ. Артистер композиторлармен, драматургтермен, жазушылармен және басқа мәдениет қызметкерлерімен бірлесе отырып, Отанымыздың тарихындағы даңқты күнді—Ұлы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдығын атап өтуге әзірленеді.

1958 жылы Москвада болатын қазақ әдебиеті мен искусствосының онкүндігі Қазақстанның мәдени тұрмысындағы тағы бір маңызды оқыйға болмақ. Астана сахнасында біздің қандай спектакльдер көрсететінімізді кәзір айтып беру әлі қыйын.

Біздің театр москвалықтарға «Біржан мен Сара» және «Абай» операларын көрсетуді ойлап отыр. Сонымен қатар артистер, композиторлар мен либретто авторлары «Дударай» операсының жаңа түрін жасаумен шұғылдануда. Композитор Бақытжан Байқадамов, либретто жазушылар Шахмет Құсайнов пен Әбділда Тәжібаев осызаманғы тақырыпқа «Қыз арманы» деген опера жасауда.

— Онкүндік кезінде Москвада балеттердің қайсысы қойылатын болады?

— Мүмкін Великановтың «Камбар мен Назым» балеті қойылар, мүмкін жаңа балеттердің біреуі көрсетілер. Композитор Степанов «Достық жолдарымен» деген жаңа балет жасады, Манаев «Хасен» деген балет жазуды аяқтап келеді.

Біз К. Бейсеитовадан драма театрлары туралы да бірнеше сөз айтуды өтіндік.

— Драма театрларында,—дейді одан кейін К. Байсеитова,—Ұлы Октябрдің 40 жылдығына және қазақ әдебиетімен искусствосының Москвадағы онкүндігіне қызу әзірлік жүріп жатыр. Қазақтың академиялық драма театры драматургтермен бірлесе отырып, Ғабит Мүсреповтың «Ақын қайғысы» және Мұқтар Әуезовтың «Айман-Шолпан» пьесаларының жаңадан өзгертілген түрін даярлап жатыр. Драматургтер театрға бірқатар жаңа пьесалар ұсынды. Олардың ішінде Әлжаппар Әбішевтің «Ол сенің әкең», Шахмет Құсайновтың «Ертіс жағасында», Әбділда Тәжібаевтың «Майра», Шәкен Аймановтың «Шахтер семьясы», Ғабит Мүсреповтың «Ескі ұя» пьесалары бар.

Республикалық орыс драма театры Дмитрий Фурмановтың «Бүлік» романы бойынша пьеса әзірлеуде. Бұл театр үшін Әбішевтің «Достық пен махаббат» пьесасы орыс тіліне аударылуда. Драматургтер Ғалымжанова мен Улановский «Дәрігер Әлімбаева» деген пьеса жазды.

Театр коллективтерімен қатар қазақ әдебиеті мен искусствосының онкүндігіне жазушылар, композиторлар, суретшілер, кино қайраткерлері қолөнер искусствосының шеберлері қатысады. Міне бүгін мен олардың бәріне 1957 жылы творчестволық жаңа табыстарға жетулеріне тілек білдіремін. (ҚазТАГ).